

Research paper/Оригинальная статья

<https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-4-29-40>

МРНТИ 06.61.33

JEL: B50, I28, I38, R58



Mechanisms for Improving Business Efficiency in the Context of Innovative Economic Development

Zaira T. Satpayeva^{1*}, Zhanat K. Abzhan², Gulmira B. Nurlikhina³,
Indira Y. Kozhamkulova⁴

¹ *Institute of Economics CS MSHE RK, 28 Shevchenko str., A25K1B0, Almaty, Kazakhstan*

² *Esil University, 7 Zhubanova str., 020000, Astana, Kazakhstan*

³ *Almaty Humanitarian - Economic University, 59 Zhandosova str., 050035, Almaty, Kazakhstan*

⁴ *South Kazakhstan University named after M. Auezov, 5 Tauke khan ave., 160012, Shymkent, Kazakhstan*

Abstract

The development of small and medium-sized businesses is the key to the development of the country's economy. Innovative development of small and medium-sized businesses will not only increase output, and increase the amount of taxes to the budget, but also improve the socio-economic situation within the state. The unemployment rate among the population will decrease, the number of working people will increase, the income level will increase, the standard of living will improve, and the members of the middle class will increase. The purpose of the study in the article is to analyze the dynamics of the development of small and medium-sized businesses in the state, differentiate their innovation activity, and provide mechanisms that improve their efficiency. The study analyzed the main indicators of business entities for 2015-2020. The research base was based on data from the National Bureau of Statistics of the agency for Strategic Planning and reform of the Republic of Kazakhstan. In the course of the research, general methods of Economic Science deduction, induction and logical structuring and grouping, comparison and statistical methods were used. As a result of the study, regulatory, innovative, financial, and infrastructure mechanisms for improving the efficiency of SMEs in the context of innovative development of the economy of the Republic of Kazakhstan were proposed. In the areas of each mechanism, measures were taken to develop innovative small and medium-sized businesses. The research material can be educational material for universities, the basis for business entities, and public administration bodies.

Keywords: Small and Medium-Sized Businesses, Innovation, Business Development Mechanisms, Knowledge.

For citation: Satpayeva, Z. T., Abzhan, Zh. K., Nurlikhina, G. B., & Kozhamkulova, I. Y. (2022). Mechanisms for Improving Business Efficiency in the Context of Innovative Economic Development. *Economics: the Strategy and Practice*, 17(4), 29-40, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-4-29-40>

* **Corresponding author:** Satpayeva Z.T. – PhD, Institute of Economics CS MSHE RK, 28 Shevchenko Str., A25K1B0, Almaty, Kazakhstan, 87079057330, e-mail: szt_kz@mail.ru

Conflict of interests: the author declares that there is no conflict of interest.

Financial support: This research article has been supported by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan within the project “The science impact on Kazakhstan’s socio-economic development: methodology, assessment models and development scenarios” (IRN AP08052745).

The article received: 13.10.2022

The article approved for publication: 22.11.2022

Date of publication: 30.12.2022

Экономиканың инновациялық дамуы жағдайында бизнестің тиімділігін арттыру тетіктері

Сатпаева З.Т.^{1*}, Абжан Ж.К.², Нурлихина Г.Б.³, Кожамкулова И.Е.⁴

¹ ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Шевченко 28, А25К1В0, Алматы, Қазақстан

² Есіл Университеті, Жұбанова 7, 020000, Астана, Қазақстан

³ Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Жандосов 59, 050035, Алматы, Қазақстан

⁴ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Тәуке хан 5, 160012, Шымкент, Қазақстан

Түйін

Шағын және орта бизнестің дамуы ел экономикасының даму кепілі. Шағын және орта бизнестің инновациялық дамуы тек өнім шығарылымын арттырып, бюджетке салық мөлшерін көбейтіп ғана қоймай, мемлекет ішіндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартады. Халық арасында жұмыссыздық деңгейі төмендейді, жұмысбасты халық саны артады, табыс деңгейі жоғарылайды, өмір сүру деңгейі жақсарады және орта тап мүшелері артады. Мақаладағы зерттеу мақсаты – мемлекеттегі шағын және орта бизнестің даму динамикасын талдау, инновациялық белсенділігін саралау және тиімділігін арттыратын тетіктерді ұсыну. Зерттеу барысында бизнес субъектілерінің 2015-2020 жылдардағы негізгі көрсеткіштері сараланды. Зерттеу базасына Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негіз болды. Зерттеу барысында Экономика ғылымының жалпы әдістері дедукция, индукция және логикалық құрылымдау және топтау, салыстыру және статистикалық әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесі ретінде ҚР экономикасының инновациялық даму жағдайында ШОБ тиімділігін арттыру үшін нормативтік-құқықтық, инновациялық, қаржылық және инфрақұрылымдық тетіктері ұсынылды. Әр тетіктің бағыттары бойынша инновациялық шағын және орта бизнесті дамыту шаралары берілді. Зерттеу материалы ЖОО оқу материалы, бизнес субъектілеріне және мемлекеттік басқару органдарына негіз бола алады.

Түйін сөздер: шағын және орта бизнес, инновация, бизнесті дамыту тетіктері, ғылымисыйымдылық, білім.

Дәйексөз үшін: Сатпаева З.Т., Абжан Ж.К., Нурлихина Г.Б., Кожамкулова И.Е. (2022). Экономиканың инновациялық дамуы жағдайында бизнестің тиімділігін арттыру тетіктері. Экономика: стратегия және практика, 17(4), 29-40, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-4-29-40>

*** Хат-хабаршы авторы:** Сатпаева З.Т. – PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Шевченко 28, А25К1В0, Алматы, Қазақстан, 87079057330, e-mail: szt_kz@mail.ru

Мүдделер қақтығысы: автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Қаржыландыру: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасы «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның ықпалы: әдіснамасы, бағалау модельдері мен даму сценарийлері (ЖТН АР08052745)» аясында дайындалған.

Мақала редакцияға түсті: 13.10.2022

Жариялау туралы шешім қабылданды: 22.11.2022

Жарияланды: 30.12.2022

Механизмы повышения эффективности бизнеса в условиях инновационного развития экономики

Сатпаева З.Т.^{1*}, Абжан Ж.К.², Нурлихина Г.Б.³, Кожамкулова И.Е.⁴

¹ *Институт экономики КН МНВО РК, ул. Шевченко 28, А25К1В0, Алматы, Казахстан*

² *Университет Есиль, ул. Жубанова 7, 020000, Астана, Казахстан*

³ *Алматинский гуманитарно-экономический университет, ул. Жандосова 59, 050035, Алматы, Казахстан*

⁴ *ЮКУ им.М.Ауезова, пр. Тауке хана 5, 160012, Шымкент, Казахстан*

Аннотация

Развитие малого и среднего бизнеса является ключом к развитию экономики страны. Инновационное развитие малого и среднего бизнеса позволит не только увеличить объем производства и сумму налогов в бюджет, но и улучшить социально-экономическую ситуацию внутри государства. Развитие инновационного малого и среднего бизнеса будет способствовать снижению уровня безработицы среди населения, увеличению количеству занятого населения, повышению уровня доходов, улучшению качества и уровня жизни населения, росту численности представителей среднего класса. Целью исследования является анализ динамики развития малого и среднего бизнеса в Казахстане, дифференциация их инновационной активности и разработка механизмов, повышающих их эффективность. В ходе исследования были проанализированы основные показатели деятельности хозяйствующих субъектов. Базой исследования послужили данные Бюро национальной статистики Агентства стратегического планирования и реформ Республики Казахстан за 2015-2020 гг. Были использованы статистические методы и общие методы экономической науки (дедукция, индукция, логическое структурирование, группировка, сравнение). В результате исследования были разработаны регуляторные, инновационные, финансовые и инфраструктурные механизмы повышения эффективности малого и среднего бизнеса в контексте инновационного развития экономики Республики Казахстан. Для реализации каждого из разработанных механизмов были предложены меры по развитию инновационного малого и среднего бизнеса. Результаты исследования могут быть использованы в учебном процессе в университетах, а также послужить основой для хозяйствующих субъектов и органов государственного управления.

Ключевые слова: малый и средний бизнес, инновации, механизмы развития бизнеса, знания.

Для цитирования: Сатпаева З.Т., Абжан Ж.К., Нурлихина Г.Б., Кожамкулова И.Е. (2022). Механизмы повышения эффективности бизнеса в условиях инновационного развития экономики. Экономика: стратегия и практика, 17(4), 29-40, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-4-29-40>

* **Корреспондирующий автор:** Сатпаева З.Т. – PhD, Институт экономики КН МНВО РК, ул. Шевченко 28, А25К1В0, Алматы, Казахстан, 87079057330, e-mail: szt_kz@mail.ru

Конфликт интересов: автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Финансирование: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования Министерства образования и науки Республики Казахстан «Влияние науки на социально-экономическое развитие Казахстана: методология, модели оценки и сценарии развития» (ИРН AP08052745).

Статья поступила в редакцию: 13.10.2022

Принято решение о публикации: 22.11.2022

Опубликовано: 30.12.2022

Кіріспе

Экономиканың инновациялық даму жағдайында шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамыту инновациялық үрдісті және отандық ғылымды дамытады, білім сапасы жоғарылап, бәсекеге қабілетті кадрлер даярланады, халықты жұмыспен қамту деңгейін арттырады, ал жұмыспен қамтылған халықта табыс деңгейі де өседі. Табыс деңгейінің өсуі тауарлар мен қызметтерге сұраныс тудырады, ал ол өндірістік циклдың дамуына әкеледі. Осы процестердің салдарынан өңірлік инфрақұрылым дамиды, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижесі ретінде халықтың өмір сүру деңгейі артады.

Экономиканың инновациялық даму жағдайында шағын және орта бизнес секторын қалыптастыру және дамыту кез келген мемлекеттің, әсіресе дамушы мемлекеттерде, әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі. Экономиканың инновациялық даму жағдайында шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамыту инновациялық үрдісті және отандық ғылымды дамытады, білім сапасы жоғарылап, бәсекеге қабілетті кадрлер даярланады, халықты жұмыспен қамту деңгейін арттырады, ал жұмыспен қамтылған халықта табыс деңгейі де өседі. Табыс деңгейінің өсуі тауарлар мен қызметтерге сұраныс тудырады, ал ол өндірістік циклдың дамуына әкеледі. Осы процестердің салдарынан өңірлік инфрақұрылым дамиды, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижесі ретінде халықтың өмір сүру деңгейі артады.

Экономиканың инновациялық даму жағдайында инновациялық шағын және орта бизнес белсенді дамуына Үкімет те қызығушылық білдіреді, себебі тұтастай алғанда экономикалық өсу, экономика даму тиімділігі және адамдардың әл-ауқатының артуы ШОБ дамымай мүмкін емес.

Жеке компаниялардың инновациялық іске бағытталған қаржыландыруын жүзеге тиімді асыру ортасын құру қазіргі заман талабы емес қажеттілікке айналып отыр. Инновациялық экономикада технологияны коммерцияландыру, жоғары экономикалық эффектіге жету және сапалы экономиканы дамыту осы бизнестің арқасында орнығады. Шағын және орта кәсіпкерліктің инновациялық дамуын тежейтін мәселе заманауи талаптарды қанағаттандыра алмайтын ескі техника болып табылады. Яғни, шағын және орта бизнесті дамыту мәселесінің өзектілігі жоғары айтылған жағдайлармен негізделеді.

Осыған орай, мақаланың мақсаты – шағын және орта бизнестің ағымдағы жағдайына талдау жасап, оның тиімділігін арттыру тетіктерін ұсыну. Мақаланың жаңалығы шағын және орта бизнестің инновациялық даму тетіктерінің жүйеленуі болып табылады.

Жалпы Қазақстандағы шағын және орта бизнестің даму динамикасы бірқалыпты өсуді көрсеткенімен экономиканың дамуында елеулі роль алмайды. Күнделікті бір кәсіпорын банкрот болып жабылып жатса, оның орнына екі кәсіпорын тіркеліп жатады. Соңғы жылдары шағын және орта кәсіпкерліктің дамуында регресс болды, ол пандемия мен карантиндік шаралардың салдары. Біраз кәсіпорындар жабылып, біраз кәсіпорындар карантиндік шараларға шыдай алмады. Соның салдарынан халық арасындағы табыс деңгейі төмендеп, жұмыссыздық арта түсті. Бірақ карантиндік шаралар азайған сайын, бизнес өкілдері жаңа серпінмен дами түсті. Әлеуметтік желілер мен жектізудің арқасында қызметін жалғастырған кәсіпорындар жаңа даму дегейіне жетті. Дегенмен, оның барлығы бизнестің инновациясының дамуы басталмай тұрып үлкен нәтиже бермейді. Инновациялық бизнесті дамыта отырып, тек кәсіпкерлердің жағдайын жақсартып қана қоймай, халықтың арасындағы өмір сүру сапасын да арттыруға болады. Жалпы, бизнестің дамуы және оның инновациялық дамуы әрқашан өзекті болатын мәселе.

Қазақстандық кәсіпкерлер арасында сауда және құрылыс саласындағы кәсіпкерлер жоғары үлесті көрсетеді. Бірақ сауда мен құрылыс саласынан мемлекеттік пайда аз, сол себепті индустрия, өндіріс және инновациялық технологияларды қолдануға ынталандыру көмегімен өндіріске инновациялық шағын және орта бизнесті араластыру басым бағыттардың бірі болуы қажет. Қазақстанның кәсіпкерлер арасында инновациялық шағын және орта бизнесті индустрия саласында дамыту экономиканың дамуына үлкен серпіліс береді.

Әдеби шолу

Кәсіпкерлік теориясының құрылуында үлкен үлес енгізген ғалым болып Й.Шумпетер болып табылады. Кәсіпкерлік теориясының эволюциясында Шумпетердің (1982) «Новатор концепциясы» фундаментін қалады. Й. Шумпетер «инновация» ұғымына терең де мағыналы анықтама бере отырып, оның құрамына техникалық жаңалықтармен қоса, ұйымдастыру, басқару және маркетингтік

шараларды жүргізу үрдісіндегі, қаржы саласындағы, жаңа нарықтарды, жаңа жабдықтау көздерін және жаңа ресурстар байланысын табу жолындағы жаңалықтарды енгізеді. Тюнен (1936) кәсіпкерді аса маңызды шешімдерді қабылдау, тәуекелге бел буу, күтпеген жерден табыс табу және өзінің іс-эрекетіне жауап беру қабілеті жоғары әрі ерекше қасиеттерге ие тұлға ретінде сипаттады. Найт (2003) А.Тюненнің көзқарасын одан әрі дамытып, тәуекел және белгісіздік секілді ұғымдарға кеңінен тоқталды.

Ағылшын профессоры Алан Хоскинг (1993) өзінің зерттеулерінде бизнесті қызмет ретінде, «өзара пайдаға қызығушылық білдіретін адамдар немесе ұйымдар арасында табиғи игіліктерді өндіру немесе басқа тауарлар, қызметтер, ақша орнына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жеке тұлғалар немесе ұйымдар» деп айқындайды.

Заманның өзгеруіне байланысты шағын және орта бизнестің тұжырымдамалары, стратегиялары, басқару қағидалары өзгеріске ұшырайды. Кей ғалымдар шағын және орта бизнеске әсер ететін факторларды қарастырса (Švárová & Vrchota, 2013), басқалары бизнестің дамуын тежеуші мәселелерді қарастырып, ағымдағы жағдайына талдау жүргізіп, ауылды және қаладағы шағын және орта бизнес диспропорциясын талқылайды (Yushkova et al., 2020). Тағы ғалымдар ауылды жерлердегі шағын және орта бизнестің инновациялық белсенділігін арттыруға бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізген (Yushkova et al., 2019). Bozhko (2022) Шағын және орта бизнестің инновациялық дамуына әсер ететін факторларды қарастырады, Rakhisheva et.al. (2019) ал инновациялық бизнесті тиімді басқару мәселесін қарастырады. 2. Page et.al. (1999) бизнесті тиімді басқара отырып, оны жаңа деңгейге көтеруге болады, яғни мемлекет аясында қызмет көрсететін шағын және орта бизнестің өнімің инновация көмегімен өзгерту етіп, өнімді импортқа шығаруға болады деп тұжырымдайды. Кей ғалымдар инновациялық бизнесті агросекторға енгізу мүмкіндіктерін зерттейді (Shinozaki & Rao, 2021). Өзге ғалымдар бизнес дамуын мемлекет экономикасының стратегиялық жоспарына қосу арқылы дамытуды ұсынса, тетіктері мен қаржыландыру көздерін дамытуды көздейді. Ғылым мен бизнестің өзара қарым-қатынасын жақсартып, ғылым нәтижесін бизнестің көбегімен жүзеге асыруды қарастырады (Abramchikova, 2021). Бұдан басқа макро және мезо деңгейде инновациялық бизнестің

тиімділігін бағалап, оның ары қарай дамуына ұсыныстар берілген зерттеу жұмыстары бар (Kangalakova & Sabden, 2017). Шағын және орта бизнестің дамуы әр уақытта өзекті болғандықтан оның деңгейін бағалау үнемі жүргізілуі тиіс. И.Г. Андреева К.В. пен Павлов (2007) шағын бизнесті дамытудың мемлекеттік реттеу тиімділігін бағалау жұмыстарын жүргізген. Олардың бағалау әдістемесіне сәйкес, экономикалық, әлеуметтік интегралды индекстерден басқа, өзгеәдістерден ерекшелігі - шағын кәсіпкерлікті қолдау және жүзеге асыру шығындар индексі мен трансакциондық шығындар индексі қолданылуында. Maier (2013) шағын бизнесті қолдауға жұмсалған қаражаттардың нәтижелілігін шағын фирмалар саны, шағын фирмаларда қызмет жасайтын жұмысшылар саны, шағын фирмалардың негізгі капиталына инвестициялар көлемі, шағын фирмалардың айналым көлемі және еңбекақы қоры сияқты көрсеткіштердің көмегімен тиімділікті бағалауды ұсынады. Ал, өзгеше тәсілді ұсынған Романенко Е.В. (2008) пайымдауынша, шағын кәсіпкерлікті дамытатын аймақтық бағдарламалардың тиімділігін бағалау үшін жалпы аймақтық өнім көлеміндегі шағын бизнес үлесі, аймақтағы шағын бизнестің өзге бизнес субъектілері ішіндегі үлесі, барлық бизнесте қызмет жасайтын жұмысшылар санындағы шағын бизнесте қызмет жасайтын жұмысшылар үлесі және жалпы салықтық түсімдер ішіндегі шағын бизнестен түсетін салық үлесі арқылы аймақтардағы шағын бизнестің даму тиімділігін бағалауға болады.

Яғни, шағын және орта бизнесті дамытуға қатысты мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін байқау үшін шағын және орта бизнестің ағымдағы дамуын талдау және бағалау маңызды. Бағалаудың нәтижесіне байланысты қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін және бизнесті дамыту бағыттарын анықтауға болады.

Әдіснама

Зерттеудің әдістері ретінде топтау, салыстыру және статистикалық әдістер қолданылды. Экономика ғылымының жалпы әдістері ішінде дедукция, индукция және логикалық құрылымдау қолданылды. Әдістерді қолдану барысында шағын бизнестің ағымдағы жағдайына талдау жүргізілді. Статистикалық талдау әдіс көмегімен шағын бизнестің салалық және құрылымдық ерекшеліктері қарастырылды (кесте 1). Зерттеу базасына Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негіз болды. Статистикалық деректер ауқымы 2015 жылдан 2020 жылға дейін өзгереді. Зерттеудің шектеуі 2021 жылға арналған кейбір деректердің болмауы болып табылады.

Кесте 1 – Зерттеуде қолданылатын көрсеткіштері
Table 1-Key indicators of small businesses

№	Көрсеткіші	Өлшем бірлігі
1	Белсенді субъектілерінің саны	Бірлік
2	Жұмыспен қамтылғандар саны	мың адам
3	Өнім шығарылымы	млн. Теңге
4	ШОБ салалар бойынша алатын үлесі	%

Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Экономикалық мақалалардан, журналдардан және ғылыми зерттеулерден тұратын ауқымды тақырыптық әдебиетті пайдалана отырып, шағын және орта бизнестің инновациялық дамуындағы маңызды мәселелер талқыланылды. Әдістердің жиынын қорытындылай, логикалық тұжырымдау әдісі көмегімен Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнес дамуының тетіктері ұсынылды.

Талдау мен талқылау

Экономиканың қай даму кезеңі болмасын шағын және орта бизнестің дамуы өзекті. Ал инновациялық шағын және орта бизнестің дамуы экономиканың тұрақтануы мен дамуына алғышарт туғызады. Шағын және орта бизнес жұмыссыздықтың алдын алу, өнім өндіру, экономиканың салаларын дамыту және инновацияны дамытуда маңызды орын алады.

Кесте 2 көрсетілгендей, тек шағын бизнестің өзі 2015 жылмен салыстырғанда 2020 жылға қарай 175679 кәсіпорыннан 280200 кәсіпорынға өсті. Дара кәсіпкерлер 2015 жылдан 882849 дара кәсіпкерден 857910 дара кәсіпкерге кеміді. Соңғы 2019 және 2020 жылдары пандемияның әсерінен бизнес субъектілері көп зардап кешті. Соның салдарынан бизнес субъектілері үлкен қатерге ұшырап, бәсеке қабілеттігін азайтты. Шаруа қожалықтарының динамикасы 2015 жылдан 181454 кәсіпкерден 216715 қожалыққа өсті. Карантиндің іс-шаралар әсері шаруа

қожалықтарына әлсіз болды. Дегенмен, жұмыспен қамту мәселесі бойынша шағын кәсіпкерлермен шаруа қожалықтарында жұмыспен қамту динамикасы тұрақты өсуді көрсетеді. Ал дара кәсіпкер динамикасы керісінше, дара кәсіпкерлердің санының кемуіне байланысты жұмыспен қамту деңгейі де төмен.

Яғни, шағын және шаруа қожалықтары экономикадағы белсенділігі жоғары, дара кәсіпкерлер белсенділігі төмен. Дара кәсіпкер қызмет көрсетуді немесе тауар сатуды өздігінен жасай алады немесе сырттан қызметті жалдай алады. Өзге шағын және орта бизнес субъектілеріне қарағанда дара кәсіпкерді құру және жою жеңіл. Сол себепті, Қазақстандағы дара кәсіпкерлер белсенділігінің, өнім өнімділігінің, жұмыспен қамту шамасының төмендігі осындай себептерге байланысты түсіндіріледі.

Кесте 3 мәліметтері шағын кәсіпкерліктің өнімділігін сипаттайды. Соңғы 5 жылда шағын кәсіпкерлердің өнімділігі 2,3 есе артты, ал дара кәсіпкерлер өнімділігі 10% шамасында артты. Шаруа қожалықтарының өнім шығарылымы 2,1 есе артты. Дара кәсіпкерлердің құрылуы мен жоюлыуы тез болғандықтан, күніне, мысалы 500 дара кәсіпкер жойылып жатса, 600 дара кәсіпкер құрылып жатады. сол себепті, өнім шығарылымы бойынша дара кәсіпкер динамикасы бірқалыпты.

Кесте 1-2 шағын кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштері 2015-2020 жж аралығында берілген. Кесте 12 мәліметтермен сәйкестендірсек, шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмысбастылы халық санының шамамен 35% береді. Өнімшығару көлемі салыстырмалы орта және ірі бизнеспен салыстырғанда төмен болғанымен, экономикалық белсенді халықты табыс табуға ынталандыратыны мәлім. Яғни, бизнесті дамыту, тиімділігін арттыру үшін оған қолайлы жағдай жасау оң нәтижеге алып келеді.

Сурет 1 мәліметтері шағын және орта бизнестің экономика салаларындағы шоғырлану мөлшерін сипаттайды.

Кесте 2 – Шағын кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштері
Table 2 - Key indicators of small businesses


Жылы	Белсенді субъектілерінің саны, бірлік			Жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам		
	шағын кәсіпкерлік -тегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары	шағын кәсіпкерлік -тегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары
2015	175 679	882 849	181 154	1 185,2	1 360,3	286,5
2016	189 637	813 482	180 799	1 249,3	1 288,2	276,4
2017	208 742	747 107	187 527	1 301,8	1 240,9	286,0
2018	231 325	809 115	198 268	1 351,9	1 315,2	280,5
2019	258 365	855 920	213 457	1 408,2	1 378,9	296,8
2020	280 200	857 910	216 715	1 462,4	1 353,8	300,5

Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Кесте 3 – Шағын кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштері, жалғасы
Table 3 - Key indicators of small businesses, continued

Жылы	Өнім шығарылымы, млн. теңге		
	шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары
2015	10 200 061	1 518 237	904 543
2016	13 568 530	1 511 733	1 043 755
2017	16 488 047	1 554 704	1 152 499
2018	18 272 335	1 764 985	1 317 352
2019	22 947 233	1 902 754	1 607 790
2020	23 401 108	1 729 842	2 033 585

Ескерту: Авторлармен құрастырылған



Сурет 1 - ШОБ салалар бойынша алатын үлесі, 2020 жыл

Figure 1 - SME share by industry, 2020

Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Шағын және орта бизнестің даму салаларына сауда, құрылыс және өңдеу салалары жатады. сауда мен құрылыс саласында шағын кәсіпкерлер шоғырланса, өңдеу саласында орта кәсіпкерлер қоғырланады. Тұру және тамақтану бойынша қызметтер, жылжымайтын мүлік бойынша қызметтер және ауылшаруашылығында шағын және орта бизнестің даму серпіні төмен.

Ауыл шаруашылығы, кен өндіру өнеркәсібі және өңдеу өнеркәсіптер салаларындағы ШОБ субъектілерінің құрал-жабдықтарының ескіргендігі, инновациялық техника мен технологиялардың өндірісте қолданылмайтындығы, жұмыскерлердің кәсіби біліктілігінің заманауи талаптарға сәйкес келмейтіндігі сияқты себептермен түсіндіруге болады (сурет 1). ШОБ субъектілерінің даму тенденциясы оң болып отырған салаларға қаржы және сақтандыру, ақпарат және байланыс салалары жатады. Бұл салалардағы бизнес субъектілері заманауи техника мен технологияларды, инновациялық құрылғыларды қолдану бойынша басты салалар болып табылады. Сол себепті, ШОБ бұл салалары үнемі дамуды көрсетеді.

Осылайша, аналитикалық шолуды қорыта отырып, Қазақстанда шағын кәсіпкерліктің жағдайы туралы келесідей қорытындылар шығаруға болады:


- Тұтастай алғанда шағын бизнестің абсолютті көрсеткіштерінің өсімі байқалуда

(тіркелгендердің номиналды саны, жұмыс істеп тұрған ШКС, өнім көлемі);

- Алайда кейбір көрсеткіштердің кері салдары байқалуда (жұмыс істеп тұрған ШКС өсу үрдісі, ЖІӨ-дегі ШКС өнімінің үлесі, салалық даму құрылымы, ЕДБ-дің ШКС-ін несиелеу көлемінің өсу қарқыны мен олардың құрылымы).

Сонымен, Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің баяу, бірақ дұрыс қалыптасқандығын нақты айтуға болады. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санындағы және ондағы жұмыспен қамтылғандар санындағы өзгерістер динамикасы осы көрсеткіштердің тұрақты өсу үрдісін айқындайды. Халықты өнімді жұмысбастылықпен қамтамасыз етуде отандық шағын кәсіпкерліктің рөлі маңызды екені ақиқат. Жұмыссыздықтың нақты деңгейінде (10 %-дан жоғары) жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етудегі және кәсіпорындар мен ұйымдардағы штаттардың жаппай қысқаруына байланысты қоғамдағы шиеленісті төмендетудегі шағын бизнестің әлеуметтік функциясы өте жоғары маңызға ие.

Инновациялық кәсіпкерлік экономикалық дамуды бірнеше есе ілгерілетеді. Сол себепті, бизнестің инновациялық дамуы экономиканың дамуына әкеледі. Ал ірі бизнеспен салыстырғанда шағын және орта бизнеске инновацияны ендіру тезірек. Соңғы 7 жылда инновациялық кәсіпкерлер белсенділік динамикасы өсуді көрсетеді (сурет 2).



Сурет 2 - Инновациялық белсенді бизнесдар серпіні

Figure 2-Dynamics of innovative active businesses

Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Дегенмен, 2013 жылы 22070 болса, 2015 жылы инновациялық кәсіпкерлер саны 31784 субъекті құраса, 2020 жылы 28087 субъектіні құрайды. Шынымен, 2013 жылмен салыстырғанда 2020 жылы инновациялық кәсіпкерлер белсендігі артты. Ал 2015 жылмен салыстырсақ, инновациялық бизнес субъектілер белсендігі кеміді. 2015 жылдан бері инновацияны дамытуға бағытталған мемлекеттік шаралар тиімділігінің төмендігі байқалады, жұмсалған қаржылар күтілген нәтижені ақтай алмады. Соңғы 2019 және 2020 жылдары пандемия әсері инновациялық кәсіпкерлер белсендігіне кері байқалды. Бірақ, шағын және орта бизнестің инновациялық дамымауының басты себебі – мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектің жеткіліксіздігі. Шағын және орта кәсіпкерлік қаржы-несиелік қаржыландыру, өзге де көмекдеңгейінің төмендігіне сәйкес, тек ғылымсыйымдылығы төмен коммерциямен айналысуға мәжбүр.

Қорытынды

Қорытындылай келе, шағын бизнестің дамуы ел экономикасының драйвері бола алатындай мүмкіндігі бар. Өзге мемлекеттер тәжірибесін зерттегенде оған анық көз жеткізуге болады. Шағын және орта бизнестің дамуы арқасында мемлекеттегі әлеуметтік жағдайдың мәселелері шешіледі, халық арасында табыс деңгейі арта түседі, тұрғылықты халықтың өмір сүру деңгейі жоғарылайды.

Әдеби шолуда шағын және орта бизнестің тиімділігін анықтауға қатысты ғылыми мақалалар қарастырылды. Олардың ішінде, тиімділікке әсер ететін факторлар қарастырылды. Яғни, шағын және орта бизнестің тиімділігіне әсер ететін жаңадан факторлар бар екендігі анықталды. Заман мен қоғамның өзгерісіне сай, шағын және орта бизнестің де көрсететін қызмет түрі мен тауар түрі өзгеріске ұшырайды. Сәйкесінше, тиімділікке әсер ететін факторлар да өзгеріске ұшырайды. Шағын және орта бизнестің тиімділігін бағалауда әр түрлі әдістерді қолдануға болады. Оның ішінде корреляция, регрессия және индекстік әдістер танымал. Әр жыл сайын немесе ұзақ мерзімде және қысқа мерзімде тиімділікті бағалау маңызды, ол шағын және орта бизнестің дамуына бағдар бола алады.

Қазіргі кәсіпорындардың динамикасының тендециясын байқасақ, халық арасында сауда-саттықпен айналысатын кәсіпорындар бөлігі жоғары, содан кейін құрылыс саласындағы кәсіпорындар басым. Жалпы,

бұл салаларда қызмет жасау тауарға көп қосылған құн мөлшерін алып келмейді. Сол себепті, Қазақстанның экономикасын дайын өнім түрін шығаратын кәсіпорында, оның ішінде инновациялық кәсіпорындар және тауарды импортқа шығаратын кәсіпорындар қажетті. Үшінші басым сала болып өнеркәсіп саласы болып отыр, ол дегеніміз, шикізатты сатумен айналысатын және өзара жеткізумен және өзге қызметпен айналысатын кәсіпорындар бар екенін көрсетеді. Бірақ, Қазақстан экономикасының инновациялық тауарларды сатудан және дайын өнім сатудан түзетін табыс аз, сол себепті, аталған кәсіпорындар дайын өнім шығару көлемі де аз.

Тағы бір жағдай, инновациялық белсенді кәсіпорындар саны жылдан жылға артуда. Соңғы 7 жылда 6 мың кәсіпорынға артты. Өкінішке орай, кәсіпорын саны аз, бәсекелестік деңгейі төмен. Сол себепті, мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға қаржылай, ұйымдастырушылық және институционалды механизмдер қажеттігі туындайды. Мемлекеттің кәсіпорындарға серпін беруі арқылы бұл саланы дамыту ел экономикасын жандандыруына ықпал етуі мүмкін.

Сол себепті, зерттеу мақаласының келесі бөлімінде шағын және орта бизнесті дамытудың институционалды, экономикалық, инновациялық және инфрақұрылымдық тетіктері ұсынылады.

Ұсыныстар

Шағын және орта бизнестің дамуы бірқалыпты динамиканы көрсетеді. Белсенділік саласы бойына ғылымсыйымдылықты қажет етпейтін құрылыс, сауда және өзге салаларда шағын және орта бизнес шоғырланған. Инновациялық бизнестің даму деңгейі соңғы 5 жылда бірқалыпты төмен. Сол себепті, ҚР экономикасының инновациялық даму жағдайында ШОБ тиімділігін арттыру үшін нормативтік-құқықтық, инновациялық, қаржылық және инфрақұрылымдық тетіктер бірін-бірі толықтыра отырып жүзеге асырылса, экономиканың инновациялық даму жағдайында ШОБ тиімділігі артады.

ҚР шағын және орта бизнес тиімділігін және инновациялық белсенділігін арттырудың тетіктері беріледі. Жоғарыдағы талдау нәтижесінде, ШОБ тиімділігіне әсер ететін нормативтік-құқықтық, инновациялық, экономикалық және инфрақұрылымдық тетіктердің маңызы жоғары болып келеді.

Нормативтік-құқықтық тетік ішінде ҚР «Кәсіпкерлік кодексін» оңтайландыру қажет-

тігі, ҚР «Салық кодексінде» өзгертулер енгізу, яғни инновациялық бизнеспен айналысатын бизнес субъектілерін ынталандыру мақсатында салықтық жеңілдіктердің көзделуі керектігі, «Қаржы лизингі туралы» және т.б. заңнамалық құжаттарды қайта қарастыру ұсынылады.

Экономикалық тетік ішінде қаржылық-несиелік құралдарды жетілдіру, оның ішінде инновациялық бизнеске қатысты жаңа құралдарын табу және т.б.; экспортталатын тауарларға экономикалық жеңілдік құралдарын беру және т.б. көзделеді.

Инновациялық тетіктер ішінде венчурлық қорлар санын арттыру, инновациялық шағын бизнесті дамыту инвестициялық жобаларын енгізу, инновациялық бизнесті қолдауда салықтық жеңілдіктер және т.б. инновациялық технологияларға лизинг құралын қолдану және т.б.

Инфрақұрылымдық тетіктеріне бизнес-альянстарын құру; «бір терезе» принципін ұстану; кәсіпкерлік университеттер санын арттыру; «ШОБ қолдау бағдарламаларының нәтижелік орталықтарын» құру және т.б. жатқызуға болады.

Жалпы ШОБ тиімділігін арттыру тетіктері ұйымдастыру, жоспарлау және басқарудың формалары мен әдістерінің жүйесі болғандықтан, олардың басты мақсаты шағын және орта бизнес субъектілерінің тиімділігін арттыру және бизнес субъектілерінің дамуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Бұдан басқа, бұл тетіктер инновациялық, экспортқа шығарылатын, импортты алмастыратын отандық тауарлар бағыттарын негізге алуы қажет. Жоғарыда аталынған тетіктер жұмысы тиімді жүзеге асатын болса, болашақта бизнес субъектілерінің инновациялық белсенділігі артуына, кәсіпкерлікті қолдау заңнамасының жақсаруына, ШОБ субъектілерінің әсерінен әлеуметтік шиеліністің әлсіреуіне, отандық ШОБ субъектілері отандық тауарларды өндіруіне, өнімнің бәсекелесе алуына, бюджетке салықтық төлемдердің артуына, ШОБ дамыту инфрақұрылымының жаңа қарқынмен дамуына, ғылым мен бизнестің ара қатынасының күшеюіне және инновациялық қызмет пен тауардың, жаңа нарықтық пайда болуына алып келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Bozhko, L. (2022). The Innovative Basis of the Growing Small and Medium-sized Businesses. In *IX International Scientific and Practical Conference "Current Problems of Social and Labour Relations (ISPC-CPSLR 2021)"*, 69-74. Atlantis Press. <https://doi.org/10.2991/assehr.k.220208.012>
2. Page, S.J., Forer, P., & Lawton, G.R. (1999). Small business development and tourism: Terra incognita?. *Tourism Management*, 20(4), 435-459. [https://doi.org/10.1016/S0261-5177\(99\)00024-2](https://doi.org/10.1016/S0261-5177(99)00024-2)
3. Kangalakova, D.M., & Sabden, O. (2017). Methods of assessment of efficiency of small and medium-sized enterprises in developing countries: Experience of Kazakhstan. *International Journal of Economic Research*, 14(7), 47-57.
4. Abramchikova, N.V. (2021). Government support for small and medium-sized businesses in the face of the COVID-19 pandemic. *Regional Economics: Theory and Practice*. <https://doi.org/10.24891/re.19.6.1053>
5. Shinozaki, S., & Rao, L.N. (2021). COVID-19 Impact on Micro, Small, and Medium-Sized Enterprises under the Lockdown: Evidence from a Rapid Survey in the Philippines. *SSRN Electronic Journal*. <https://doi.org/10.2139/SSRN.3807080>
6. Rakhisheva, A.B., Sartova, R.B., Bolatova, B.Z., & Omarkhanova, Z. M. (2019). Innovative management in the development of small and medium-sized businesses. *Reports of NAS RK*, 6, 236-241. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1483.195>
7. Švárová, M., & Vrchota, J. (2013). Strategic management in micro, small and medium-sized businesses in relation to financial success of the enterprise. *Acta Universitatis Agriculturae et Silviculturae Mendelianae Brunensis*, 61, 2859-2866.
8. Yushkova, V., Kostin, G., Davydov, R., Rud, S., Dudkin, V., & Valiullin, L. (2019, November). The development of small and medium-sized businesses, as the basis for a balanced development of agriculture in Russia. In *IOP Conference Series: Earth and Environmental Science*, 390(1), 012016. IOP Publishing. <https://doi.org/10.1088/1755-1315/390/1/012016>
9. Yushkova, V.V., Myazin, N.S., Davydov, V.V., Makeev, S.S., Rud, V.Y., & Switala, F. (2020, September). Problems and main directions of innovative development of small and medium-sized businesses in agriculture of Russia. In *IOP Conference Series: Materials Science and Engineering*, 940(1), 012045. IOP Publishing. <https://doi.org/10.1088/1757-899X/940/1/012045>
10. Hosking, A. (1993). *Entrepreneurship course*. International relationships.
11. Knight, F.H. (2003). *Risk, uncertainty and profit*. Moscow, case.
12. Thunen, I.G. (1926). *An isolated state*. Moscow, Economic life.

13. Schumpeter, J. (1982). *The Theory of Economic Development*. Moscow, Progress.
14. Andreeva, I. G., & Pavlov, K. V. (2007). The effectiveness of the implementation of state support for the development of small businesses. *Russian Entrepreneurship*, 12, 95-98.
15. Maier, L. (2013). Innovation incubators – entities of support of small and medium-sized enterprises' competitiveness in the modern economy. *Economy and Sociology: Theoretical and Scientific Journal*, 2, 67-86.
16. Romanenko, E.V. (2008). Regional programs for support and development of small business: performance indicators. *Russian Entrepreneurship*, 11(1), 93-97.
- Әдебиеттер тізімі (транслитерация)**
1. Bozhko, L. (2022). The Innovative Basis of the Growing Small and Medium-sized Businesses. In *IX International Scientific and Practical Conference "Current Problems of Social and Labour Relations (ISPC-CPSLR 2021)*, 69-74. Atlantis Press. <https://doi.org/10.2991/assehr.k.220208.012>
2. Page, S.J., Forer, P., & Lawton, G.R. (1999). Small business development and tourism: Terra incognita?. *Tourism Management*, 20(4), 435-459. [https://doi.org/10.1016/S0261-5177\(99\)00024-2](https://doi.org/10.1016/S0261-5177(99)00024-2)
3. Kangalakova, D.M., & Sabden, O. (2017). Methods of assessment of efficiency of small and medium-sized enterprises in developing countries: Experience of Kazakhstan. *International Journal of Economic Research*, 14(7), 47-57.
4. Abramchikova, N.V. (2021). Government support for small and medium-sized businesses in the face of the COVID-19 pandemic. *Regional Economics: Theory and Practice*. <https://doi.org/10.24891/re.19.6.1053>
5. Shinozaki, S., & Rao, L.N. (2021). COVID-19 Impact on Micro, Small, and Medium-Sized Enterprises under the Lockdown: Evidence from a Rapid Survey in the Philippines. *SSRN Electronic Journal*. <https://doi.org/10.2139/SSRN.3807080>
6. Rakhisheva, A.B., Sartova, R.B., Bolatova, B.Z., & Omarkhanova, Z.M. (2019). Innovative management in the development of small and medium-sized businesses. *Reports of NAS RK*, 6, 236-241. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1483.195>
7. Švárová, M., & Vrchota, J. (2013). Strategic management in micro, small and medium-sized businesses in relation to financial success of the enterprise. *Acta Universitatis Agriculturae et Silviculturae Mendelianae Brunensis*, 61, 2859-2866.
8. Yushkova, V., Kostin, G., Davydov, R., Rud, S., Dudkin, V., & Valiullin, L. (2019, November). The development of small and medium-sized businesses, as the basis for a balanced development of agriculture in Russia. In *IOP Conference Series: Earth and Environmental Science*, 390(1), 012016. IOP Publishing. <https://doi.org/10.1088/1755-1315/390/1/012016>
9. Yushkova, V.V., Myazin, N.S., Davydov, V.V., Makeev, S.S., Rud, V.Y., & Switala, F. (2020, September). Problems and main directions of innovative development of small and medium-sized businesses in agriculture of Russia. In *IOP Conference Series: Materials Science and Engineering*, 940(1), 012045. IOP Publishing. <https://doi.org/10.1088/1757-899X/940/1/012045>
10. Hosking, A. (1993). *Entrepreneurship course*. International relationships [Mezhdunarodnye otnoshenija]. (In Russ.).
11. Knight, F.H. (2003). *Risk, uncertainty and profit*. Moscow: case [M.: delo]. (in Russ.).
12. Thunen, I.G. (1926). *An isolated state*. M.: Economic life. [Ekonomicheskaya zhizn]. (in Russ.).
13. Schumpeter, J. (1982). *The Theory of Economic Development*. Moscow, Progress. (in Russ.).
14. Andreeva, I.G., & Pavlov, K.V. (2007). The effectiveness of the implementation of state support for the development of small businesses. *Russian Entrepreneurship [Rossijskoe predprinimatel'stvo]*, 12, 95-98. (in Russ.).
15. Maier, L. (2013). Innovation incubators – entities of support of small and medium-sized enterprises' competitiveness in the modern economy. *Economy and Sociology: Theoretical and Scientific Journal*, 2, 67-86.
16. Romanenko, E.V. (2008). Regional programs for support and development of small business: performance indicators. *Russian Entrepreneurship [Rossijskoe predprinimatel'stvo]*, (11-1), 93-97. (in Russ.).

Information about the authors

* **Zaira T. Satpayeva** – PhD, Institute of Economics CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, e-mail: szt_kz@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1644-3709>

Zhanat K. Abzhan – PhD, Senior Lecturer, Esil University, Astana, Kazakhstan, e-mail: zhanetta.kalieva@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9673-2107>

Gulmira B. Nurlikhina – Doctor of Economics, Professor, Almaty Humanitarian - Economic University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gnurlihina@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2134-3523>

Indira Y. Kozhamkulova – Candidate of Economics, Associate Professor, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: indira@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3570-8936>

Авторлар туралы мәліметтер

* **Сатпаева З.Т.** - PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: szt_kz@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1644-3709>

Абжан Ж.К. – PhD, аға оқытушы, Есіл Университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: zhanetta.kalieva@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9673-2107>

Нурлихина Г.Б. – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: gnurlihina@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2134-3523>

Кожамкулова И.Е. – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: indira@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3570-8936>

Сведения об авторах

* **Сатпаева З.Т.** - PhD, Институт экономики КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, e-mail: szt_kz@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1644-3709>

Абжан Ж.К. – PhD, старший преподаватель, Университет Есиль, Астана, Казахстан, e-mail: zhanetta.kalieva@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9673-2107>

Нурлихина Г.Б. - доктор экономических наук, профессор, Алматинский гуманитарно-экономический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: gnurlihina@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2134-3523>

Кожамкулова И.Е.– кандидат экономических наук, доцент, Южно- Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, e-mail: indira@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3570-8936>